

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНІҢ «ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-9.16-2025
		21.11.2025ж.
	ЕРЕЖЕ нормативтік құжаттың түрі	Бет 1 – 11

«БЕКІТЕМІН»
ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы
Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ
Оқу және оқу-әдістемелік жұмыс
жөніндегі проректоры
Ергөбек Ш.Қ.



« » 2025 ж.

«ULY DALA ZHASTARY» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖАС ХОРЕОГРАФТАР БАЙҚАУЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Алматы қаласы
 2025 жыл

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНІҢ «ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-9.16-2025
		21.11.2025ж.
	<u>ЕРЕЖЕ</u> нормативтік құжаттың түрі	Бет 2 – 11

«ULY DALA ZHASTARY» АТТЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖАС ХОРЕОГРАФТАР БАЙҚАУ ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1. 1. Үміткерлерді қабылдау мақсатында Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының «Хореография» факультеті Республикалық жас хореографтар байқауын өткізеді.

1. 2. Байқауды өткізу форматы: online / offline.

1. 3. Байқауға би немесе балет студияларында, спорттық би клубтарында хореографиямен айналысатын 11-ші сынып оқушылары, өнер және мәдениет колледждерінің «Хореография» БББ бойынша бітіруші түлектері қатыса алады.

1. 4. Байқау мақсаттары:

— таланттарды анықтау және қатысушыларды талапкерлер тізіміне енгізу;

— жас хореографтар мен оқытушылардың шығармашылық әлеуетін қолдау және дамыту;

— Қазақстанның хореографиялық өнерін кеңінен насихаттау, би бағыттарын дамыту, хореография саласындағы тәжірибе мен білім алмасу.

2. Ұйымдастыру комитеті

2. 1. Байқау өткізу мақсатында «Хореография» факультетінің профессор-оқытушылар құрамынан ұйымдастыру комитеті құрылады.

2. 2. Ұйымдастыру комитеті әділқазылар алқасымен байқаудың хатшысын бекітеді.

2. 3. Ұйымдастыру комитеті байқауға қатысушыларды реквизиттермен, сахналық костюмдермен, гриммен және аяқ киіммен қамтамасыз етпейді.

2. 4. Ұйымдастыру комитеті байқауға қатысушыларды және олардың орындаушыларын сақтандырудың кез-келген түрімен қамтамасыз етпейді.

2. 5. Ұйымдастыру комитеті қатысушылардың орындауларын және олардың шығармаларын теледидарда, әлеуметтік желілерде, бейнетаспаға түсіруді, бейнематериалдарды таратуға және байқауға қатысушылар мен олардың орындаушыларына ақы төлеместен таратуға барлық құқықты өзіне қалдырады.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНІҢ «ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-9.16-2025
		21.11.2025ж.
	ЕРЕЖЕ нормативтік құжаттың түрі	Бет 3 – 11

2. 6. Барлық адамдар бейне жазбаны (байқауға қатысушылардың орындаулары) ұйымдастыру комитетінің арнайы рұқсатымен ғана жүргізе алады.

3. Байқауға қатысу шарттары

3. 1. Байқауға Қазақстан Республикасының барлық өңірлерінен үміткерлер қатыса алады.

3. 2. Байқауға қатысу туралы өтінімдерді ұйымдастыру комитеті қарастырады.

3. 3. Барлық қатысушылар өтінімдерді толығымен және дұрыс толтыруы керек. Байқауға ұсынылған репертуарды байқау барысында өзгертуге болмайды.

3. 4. Байқауға қатысуға ниет білдіргендердің жіберген өтінімі конкурстың өткізу тәртібі мен шарттарын толықтай қабылдайтынының дәлелі болып табылады.

3. 5. Байқау 3 кезеңнен тұрады:

Іріктеу кезеңі: Жіберілген өтінімдердегі сілтемелер арқылы байқауға қатысушылардың билерінің бейне жазбаларын қарау.

1 кезең (орындаушылық шеберлік): Классикалық бидің тренажы (тірегіштің жанында және залдың ортасында қимылдарды, allegro бөлімін көрсетуі).

2 кезең (орындаушылық шеберлік):

— «Балетмейстерлік өнер» дайындық бағыты бойынша оқуға түсуге үміткерлер ұзақтығы 3 минуттан аспайтын авторлық қойылымда (**ТАЛАПҚЕР ӨЗІ ҚОЙҒАН**) 1 (бір) хореографиялық туынды көрсетеді. Байқауға арналған би жаңа болуы керек. Қойылымдардың музыкалық материалы мен стильдік бағыты қатысушының қалауы бойынша таңдалады (классикалық, неоклассикалық, халықтық-сахналық, қазақ биі немесе заманауи хореография).

— «Хореография педагогикасы» дайындық бағыты бойынша оқуға үміткерлер 3 минуттан аспайтын жеке би орындайды. Музыкалық материал, хореография және нөмірлердің стилі (классикалық, неоклассикалық, халықтық-сахналық, қазақ биі) бағытына сәйкес қатысушының қалауы бойынша таңдалады.

— «Заманауи хореография педагогикасы» дайындық бағыты бойынша оқуға үміткерлер 3 минуттан аспайтын жеке би орындайды. Музыкалық материал, хореография және нөмірлердің стилі (неоклассикалық,

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНІҢ «ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-9.16-2025
		21.11.2025ж.
	<u>ЕРЕЖЕ</u> нормативтік құжаттың түрі	Бет 4 – 11

contemporary биі, заманауи хореография) бағытына сәйкес қатысушының қалауы бойынша таңдалады.

— «Спорттық бал биінің педагогикасы» дайындық бағыты бойынша оқуға үміткерлер **3 минуттан аспайтын** би орындайды. Жұптасып билеуге болады. Музыкалық материал, хореография және нөмірлердің стилі (Еуропалық немесе Латынамерикалық бағдарламалардан би) бағытына сәйкес қатысушының қалауы бойынша таңдалады.

3. 6. Ұйымдастыру комитеті байқауға қатысушыларды дайындық залдары мен концертмейстермен қамтамасыз етпейді.

3. 7. Техникалық ақауларды болдырмау үшін байқауға қатысушылар музыкалық материалды және видеоны USB флэш-дискінде, Telegram мессенджеріндегі арнайы чатта, және факультеттің kaznai_ulydalajastary@mail.ru электрондық поштасына MP3 форматында «UDZh музыкасы және видео» **тақырыбымен хат** жолдауы керек.

3. 8. Байқау қатысушыларына байқау күні Оқу театрының сахнасында бір дайындық уақыты (репетиция) беріледі (дайындық уақыты 10 минуттан аспайды).

3. 9. Байқау жұмыстарын көрсету тәртібін байқаудың ұйымдастыру комитеті белгілейді.

3. 10. Байқаудың екінші кезеңі ашық түрде жүргізіледі.

3. 11. Іріктеу, бірінші және екінші кезеңдерде байқауға қатысушылардың орындаушылық шеберлігі қазылар алқасының 10 баллдық жүйе бойынша алқалық шешімімен бағаланады.

3. 12. Қазылар алқасы байқаудың жұмыстарын **келесі критерийлер** бойынша бағалайды:

ІРІКТЕУ КЕЗЕҢІ (ONLINE)

«БАЙҚАУШЫЛАРДЫҢ БИЛЕРІНІҢ БЕЙНЕ ЖАЗБАЛАРЫ»

- 1) Негізгі қабілеттер (физикалық және табиғи қабілеттері, келбеті);
- 2) Орындаушының музыкалық қабілеті;
- 3) Қимылдарды үйлестіру қабілеті;
- 4) Орындау сауаттылығы.

1 КЕЗЕҢ — ОРЫНДАУШЫ ШЕБЕРЛІГІ (КЛАССИКАЛЫҚ БИ)

(«10» үздік)

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНІҢ «ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-9.16-2025
		21.11.2025ж.
	<u>ЕРЕЖЕ</u> нормативтік құжаттың түрі	Бет 5 – 11

Классикалық би бағдарламасының қимылдарын орындаудың үздік деңгейі. Музыкалық метр мен ырғақ негіздерін үздік меңгерген. Үздік физикалық қабілеттер, би қимылдарын мәнерлі орындау, жоғары шығармашылық әлеует. Классикалық би терминологиясы бойынша сұрақтарға сауатты және нақты жауаптар.

(«9» үздік)

Классикалық бидің негізгі қимылдарын көрсетудің жоғары деңгейі (қолдың, аяқтың дұрыс орналасуы, тірегіш жанында және залдың ортасында жаттығулар, секірулер). Музыкалық метр мен ырғақ негіздерін жақсы меңгерген. Жақсы физикалық қабілеттер, мәнерлі орындаушылық, жоғары шығармашылық әлеует. Қосымша сұрақтарға сауатты жауаптар.

(«8» жақсы)

Би техникасын меңгерген. Берілген қозғалыстарды дәл қайталай алады. Хореография бойынша негізгі білімі бар. Классикалық бидің негізгі қимылдарын көрсетудің жақсы деңгейі (қолдардың, аяқтардың позициялары, тірегіш жанында және залдың ортасында жаттығулар, секірулер). Музыкалық метр мен ырғақ негіздері бойынша жеткілікті білімі бар. Жақсы физикалық қабілеттер, мәнерлі би қимылдары, жақсы шығармашылық әлеует. Қосымша сұрақтарға байсалды жауап береді.

(«7» жақсы)

Классикалық бидің негізгі қимылдарын көрсетудің өте жақсы деңгейі (қолдардың, аяқтардың позициялары, тірегіш жанында және залдың ортасында жаттығулар, секірулер). Музыкалық метр мен ырғақ негіздерін толық меңгермеген. Жақсы физикалық қабілеттер, орташа шығармашылық әлеует. Қосымша сұрақтарға толық емес жауап береді.

(«6» жақсы)

Классикалық бидің негізгі қимылдарын көрсетудің орташа деңгейі (қолдың, аяқтың қалыптары, тірегіш жанында және залдың ортасында жаттығулар, секірулер). Қозғалыстағы музыкалық метрдің және ырғақтық үлгілердің негіздерін жеткіліксіз біледі. Терминологияға қатысты сұрақтарға жауап беруде нашар бағдарланған. Орташа физикалық қабілеттер, орташа шығармашылық әлеует. Қосымша сұрақтарға жауап бергенде қателіктер жібереді.

(«5» қанағаттанарлық)

Негізгі классикалық би қимылдарын көрсету деңгейі жеткіліксіз. (қолдың, аяқтың орналасуы, тірегіш жанында және залдың ортасында жаттығулар, секіру). Музыкалық метр мен ырғақ негіздерін жеткіліксіз білу. Би қимылдарын орындаудың қиындығы, орындау формальды. Дене

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНІҢ «ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-9.16-2025
		21.11.2025ж.
	ЕРЕЖЕ нормативтік құжаттың түрі	Бет 6 – 11

қабілетінің төмен деңгейі, жеткіліксіз мәнерлі орындау, төмен шығармашылық әлеует. Терминология бойынша қосымша сұрақтарға жауап бергенде шатасады.

(«4» қанағаттанарлық)

Классикалық бидің негізгі қимылдарын көрсетудің қанағаттанарлық деңгейі (қолдың, аяқтың орналасуы, тірегіш жанында және залдың ортасында жаттығулар, секірулер) Музыкалық шығармалардың метро-ритмінің негіздерін жеткіліксіз білу. Физикалық қабілеттері нашар, би өнері нашар. Қосымша сұрақтарға жауап бере алмайды.

(«3» қанағаттанарлық)

Классикалық бидің негізгі қимылдарын көрсетудің өте төмен деңгейі (қолдардың, аяқтардың позициялары, тірегіш жанында және залдың ортасында жаттығулар, секірулер). Музыкалық метр мен ырғақ негіздері бойынша жеткілікті білімі жоқ. Классикалық шығармалардың музыкалық бейнелерін және олардың метро-ритмін түсінбейді. Нашар физикалық қабілеттер, би өнері нашар. Қосымша сұрақтарға жауап бергенде сөйлемдерді қате құрастырады.

(«2-1» қанағаттанарлықсыз)

Классикалық би қимылдарын меңгермеді. Классикалық шығарманың музыкалық бейнелерін және оның метрлік ырғағын түсінбейді. Хореография негіздерін түсінбейді. Кәсіби физикалық қабілеттердің болмауы.

2 КЕЗЕҢ — ОРЫНДАУШЫ ШЕБЕРЛІГІ «ХОРЕОГРАФИЯ ПЕДАГОГИКАСЫ», «ЗАМАНАУИ ХОРЕОГРАФИЯ ПЕДАГОГИКАСЫ», «СПОРТТЫҚ БАЛ БИІНІҢ ПЕДАГОГИКАСЫ»

(«10» үздік)

Хореографиялық композицияны орындаудың үздік деңгейі. Музыкалық метр мен ырғақ негіздерін үздік меңгерген. Үздік физикалық қабілеттер, би қимылдарын мәнерлі орындау, жоғары шығармашылық әлеует. Сұрақтарға сауатты және нақты жауап қайтарады.

(«9» үздік)

Хореографиялық композицияны орындаудың жоғары деңгейі. Музыкалық метр мен ырғақ негіздерін жақсы меңгерген. Жақсы физикалық қабілеттер, мәнерлі орындаушылық, жоғары шығармашылық әлеует. Қосымша сұрақтарға сауатты жауап қайтарады.

(«8» жақсы)

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНІҢ «ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-9.16-2025
		21.11.2025ж.
	<u>ЕРЕЖЕ</u> нормативтік құжаттың түрі	Бет 7 – 11

Хореографиялық композицияның би техникасын меңгерген. Хореография бойынша негізгі білімі бар. Хореографиялық композицияның қимылдарын көрсетудің жақсы деңгейі. Музыкалық метр мен ырғақ негіздері бойынша жеткілікті білімі бар. Жақсы физикалық қабілеттер, мәнерлі би қимылдары, жақсы шығармашылық әлеует. Қосымша сұрақтарға байсалды жауап береді.

(«7» жақсы)

Хореографиялық композицияны орындаудың өте жақсы деңгейі. Музыкалық метр мен ырғақ негіздерін толық меңгермеген. Жақсы физикалық қабілеттер, орташа шығармашылық әлеует. Қосымша сұрақтарға толық емес жауап береді.

(«6» жақсы)

Хореографиялық композицияны орындаудың орташа деңгейі. Қозғалыстағы музыкалық метрдің және ырғақтық үлгілердің негіздерін жеткіліксіз біледі. Терминологияға қатысты сұрақтарға жауап беруде нашар бағдарланған. Орташа физикалық қабілеттер, орташа шығармашылық әлеует. Қосымша сұрақтарға жауап бергенде қателіктер жібереді.

(«5» қанағаттанарлық)

Хореографиялық композицияны орындаудың деңгейі жеткіліксіз. Музыкалық метр мен ырғақ негіздерін жеткіліксіз білу. Би қимылдарын орындаудың қиындығы, орындау формальды. Дене қабілетінің төмен деңгейі, жеткіліксіз мәнерлі орындау, төмен шығармашылық әлеует. Терминология бойынша қосымша сұрақтарға жауап бергенде шатасады.

(«4» қанағаттанарлық)

Хореографиялық композицияны орындаудың қанағаттанарлық деңгейі. Музыкалық шығармалардың метро-ритмінің негіздерін жеткіліксіз білу. Физикалық қабілеттері нашар, би өнері нашар. Қосымша сұрақтарға жауап бере алмайды.

(«3» қанағаттанарлық)

Хореографиялық композицияны орындаудың өте төмен деңгейі. Музыкалық метр мен ырғақ негіздері бойынша жеткілікті білімі жоқ. Классикалық шығармалардың музыкалық бейнелерін және олардың метро-ритмін түсінбейді. Нашар физикалық қабілеттер, би өнері нашар. Қосымша сұрақтарға жауап бергенде сөйлемдерді қате құрастырады.

(«2-1» қанағаттанарлықсыз)

Таңдаған би бағытының қимылдарын меңгермеді. Классикалық шығарманың музыкалық бейнелерін және оның метрлік ырғағын түсінбейді. Хореография негіздерін түсінбейді. Кәсіби физикалық қабілеттердің болмауы.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНІҢ «ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-9.16-2025
		21.11.2025ж.
	ЕРЕЖЕ нормативтік құжаттың түрі	Бет 8 – 11

2 КЕЗЕҢ — «БАЛЕТМЕЙСТЕРЛІК ӨНЕР» БОЙЫНША ТӘЖІРИБЕЛІК ЖҰМЫС

(«10» үздік)

Хореографиялық композицияны орындаудың үздік деңгейі. Шығарманың музыкалық-хореографиялық драматургиясы жақсы дамыған. Бейнелердің көркемдік мәнерлілігі толық ашылған. Қозғалыстар мен би комбинациялары автордың стилін анық көрсетеді. Бидің композициялық тұтастығы толық көрінеді. Музыкалық және пластикалық мәнерлігі жоғары деңгейде. Үздік физикалық қабілеттері, биді мәнерлі орындауы, жоғары шығармашылық әлеует. Қойылған сұрақтарға сауатты және қысқа жауап береді.

(«9» үздік)

Хореографиялық композицияны орындаудың жоғары деңгейі. Шығарманың музыкалық-хореографиялық драматургиясы сауатты дамыған. Бейнелердің көркемдік мәнерлілігі өте жақсы ашылған. Қозғалыстар мен би комбинациялары автордың стилін анық көрсетеді. Бидің композициялық тұтастығы толық көрінеді. Музыкалық және пластикалық мәнерлігі жоғары деңгейде. Жақсы физикалық қабілеттері, биді мәнерлі орындауы, жоғары шығармашылық әлеует. Қосымша сұрақтарға сауатты жауап береді.

(«8» жақсы)

Хореографиялық композициялардағы би техникасын жетік меңгерген. Шығарманың музыкалық-хореографиялық драматургиясы жақсы дамыған. Бейнелердің көркемдік мәнерлілігі жақсы ашылған. Қозғалыстар мен комбинацияларды дамыту хореографиядағы музыкалық және композициялық дағдыларды көрсетеді. Бидің композициялық тұтастығы бар. Музыкалық және пластикалық мәнерлік жақсы деңгейде. Қойылған сұрақтарға сенімді жауап береді.

(«7» жақсы)

Хореографиялық композицияны көрсетудің жақсы деңгейі. Шығарманың музыкалық-хореографиялық драматургиясын дамытуда музыкалық шығармалардың метро-ритмінің негіздерін толық меңгермейді. Бейнелердің көркемдік мәнерлілігі ішінара байқалады. Қозғалыстар мен комбинацияларды дамыту жақсы хореографиялық дағдыларды көрсетеді. Бидің композициялық тұтастығы бар. Жақсы физикалық қабілеттер, орташа шығармашылық әлеует. Қойылған сұрақтарға жауап бергенде шатасады.

(«6» жақсы)

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНІҢ «ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-9.16-2025
		21.11.2025ж.
	<u>ЕРЕЖЕ</u> нормативтік құжаттың түрі	Бет 9 – 11

Хореографиялық шығарманы орындаудың орташа деңгейі. Музыкалық метрдің негіздерін және қозғалыстардың ырғақты үлгілерін жеткіліксіз білу. Шығарманың музыкалық-хореографиялық драматургиясын дамытуда музыкалық шығармалардың метр-ритмінің негіздерін толық білмеу. Бейнелердің көркемдік мәнерлілігі жеткілікті дамымаған. Қозғалыстар мен комбинацияларды дамыту жақсы хореографиялық дағдыларды көрсетеді. Бидің композициялық тұтастығы бар. Орташа жақсы физикалық қабілеттер, орташа шығармашылық потенциал. Сұрақтарға жауап бергенде қателіктер жібереді.

(«5» қанағаттанарлық)

Хореографиялық композицияның берілу деңгейі жеткіліксіз. Музыкалық пьесалардың метрлік ырғағының негіздерін және қимылдардағы музыкалық макеттерді жеткіліксіз білу. Шығарманың музыкалық-хореографиялық драматургиясы нашар дамыған. Бейнелердің көркемдік мәнерлілігі жеткілікті дамымаған. Қимылдар мен комбинацияларды өңдеу академиялық базалық білімнің әлсіз хореографиялық дағдыларын көрсетеді. Бидің композициялық тұтастығы бар. Би қимылдарын жаңғыртудың қиындығы, орындау формальды. Нашар физикалық қабілеттер, жеткіліксіз мәнерлі орындау, төмен шығармашылық потенциал. Қосымша сұрақтарға жауап беру мүмкін емес.

(«4» қанағаттанарлық)

Хореографиялық шығарманы орындаудың қанағаттанарлық деңгейі. Музыкалық метр мен ырғақ негіздерін жеткіліксіз білу. Физикалық қабілеттері нашар, би өнері нашар. Қосымша сұрақтарға қате жауап береді.

(«3» қанағаттанарлық)

Би қойылымының негізгі қимылдарын көрсету деңгейі өте төмен. Музыкалық метр мен ырғақ негіздерін жеткіліксіз білу. Классикалық шығармалардың музыкалық бейнелері мен олардың метро-ритмін түсінбеу. Шығарманың музыкалық-хореографиялық драматургиясы дамымаған. Биде композициялық тұтастық жоқ. Нашар физикалық қабілеттер, мәнерлі орындаудың болмауы. Қосымша сұрақтардың мәнін түсінбейді.

(«2-1» қанағаттанарлықсыз)

Хореографиялық қойылым қимылдарын меңгермеген. Классикалық шығарманың музыкалық бейнелері мен оның метрлік ырғағын түсінбеу. Хореография негіздерін түсінбеу. Кәсіби физикалық қабілеттердің болмауы.

4. Өтінімдерді қабылдау тәртібі

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНІҢ «ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-9.16-2025
		21.11.2025ж.
	<u>ЕРЕЖЕ</u> нормативтік құжаттың түрі	Бет 10 – 11

4. 1. Байқауға қатысушының өтінімі Google Forms жүйесінде сауалнама түрінде қалыптастырылады, оны өтінімде көрсетілген барлық сұрақтарға жауап бере отырып, сілтеме бойынша толтыруға болады.

4. 2. Байқауға қатысушының өтініміне ағымдағы сілтеме Темірбек Жүргенов ҚазҰӨА сайтында, «Хореография» факультетінің әлеуметтік желідегі парақшасында жыл сайын желтоқсан айының басында жарияланады.

4. 3. Байқауға қатысушылардың өтінімдері мен материалдар ұйымдастыру комитетімен **әр жылдың 25 желтоқсанына** дейін (қоса алғанда) қабылданады. Осы мерзімнен кейін келіп түскен өтінімдер, себептеріне қарамастан, қарастырылмайды және байқауға қатыспайды.

4. 4. **Ұйымдастыру комитетінің мекен-жайы:** 050000; Алматы қ., Панфилов көш., 127, Темірбек Жүргенов атындағы ҚазҰӨА, «Хореография» факультеті

Қосымша ақпарат алу үшін:

Instagram: kaznai_dance

Email: kaznai_ulydalajastary@mail.ru

5. Байқауды өткізу мерзімдері

5. 1. Байқау сынақтары үш кезеңнен тұрады: бірінші іріктеу кезеңі (байқауға қатысушылардың бейнежазбаларын онлайн қарау), екінші кезең, үшінші кезең, талқылау, қорытындыны жариялау. 3-ші кезеңнің байқау нөмірлерін қарау ашық түрде жүргізіледі.

5. 2. Бірінші іріктеу кезеңі жыл сайын 30 желтоқсанға дейін өткізіледі.

5. 3. Екінші және үшінші кезеңдер бір күнде жыл сайын 20 қаңтарға дейін өткізіледі.

6. Қазылар алқасының жұмыс тәртібі және байқау жеңімпаздарын марапаттау

6. 1. Байқауға қатысушылардың өнерін қазылар алқасы бағалайды, оның құрамына Темірбек Жүргенов атындағы ҚазҰӨА-ның хореография факультетінің профессор-оқытушылар құрамы кіреді.

6. 2. Қазылар алқасының мүшелері мен жауапты хатшысы байқау бағдарламасына кіретін барлық қойылымдарға және барлық отырыстарға қатысады.

6. 3. Хореографиялық өнер қайраткері байқаудың төрағасы болып табылады.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНІҢ «ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-9.16-2025
		21.11.2025ж.
	ЕРЕЖЕ нормативтік құжаттың түрі	Бет 11 – 11

6. 4. Қазылар алқасының шешімі жиналған ұпайлардың санауы арқылы анықталады. Байқау қорытындысы хаттамаға енгізіледі.

6. 5. Байқау қорытындысы қатысушыларға байқау күні жарияланады.

6. 6. Қазылар алқасы келесі номинациялар бойынша марапаттар береді:

— I, II, III дәрежелі лауреаттар;

— Дипломант.

6. 7. Қазылар алқасының шешімі түпкілікті болып табылады және қайта қарастырылмайды.

**«ULY DALA ZHASTARY» республикалық жас
хореографтар байқауы туралы ереже
әзірлеушілері:**

**«Хореография» факультетінің
деканы м. а.**



Аухадиев И. Р.

**«Хореография педагогикасы»
кафедра меңгерушісінің м. а.**



Берікболова А. Н.

Келісілді:

Академиялық мәселелер жөніндегі
қызметінің басшысы



Әбдірахман Г. Б.

Заң бөлімінің басшысы



Тлегенова О. К.

Стратегиялық даму, тәуекелдерді
талдау және бағалау бөлімінің
басшысы



Молдабаева А. Е.

Мансаптық даму және кәсіби
бағдарлау бөлімінің басшысы



Токеева А. Д.